

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№65 (230), мамыр, 2025 ж.

Поездка в ближнее зарубежье:
Каракалпакстан, Нукус

6

Ерлік – елге мұра,
ұрпаққа ұран

13

Наш выпускник –
наша гордость

16

«ЖАС МАМАН – 2025»: ЖАЙ ЖӘРМЕҢКЕ ЕМЕС, БОЛАШАҚ ЖҰМЫС ТАБУ МҮМКІНДІГІ

«Жас маман-2025» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі жоғары деңгейде өтті. Іс-шараға өңірдегі екіжақты келісімшарттар жасалған барлық өндірістік кешендері, ірі өндіріс орындары, мектептер, колледждер, Шымкент қаласы әкімдігіне қарасты басқармалар, Шымкент қаласы және Түркістан облысының прокуратурасы, халыққа қызмет көрсету орталықтары, Шымкент қаласының мәдени орындары мен кітапханалары жалпы 150-ден астам мекеме қатысты.



Университеттің Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Ернар Иманғалиев өз сөзінде дәстүрлі жәрмеңке түлектерді жұмысқа орналастыруға көмек көрсетудің диалог алаңына айналып, көптеген түлектерге болашақ жұмыс орнын таңдауға көмектесетінін атап өтті. Ернар Иманғалиұлы құрметті қонақтарымыз, университетіміздің дамуына үлес қосқан түлектерімізге Алғыс хат табыстады.

Олардың қатарында Түркістан облысы ПД криминалдық полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Дархан Зияев, «Шымкент Химиялық Компаниясы» ЖШС жаңа жобалар бойынша бас технологы Кенжетай Мамытов, Bereke Bank директоры Марат Өтемісов, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ директоры Рысбек Рахметов, QazaqGaz Aймаq» АҚ Шымкент өндірістік



филиалының директоры Ермек Қалдығұлов, REFRAME жеке тұлғалық даму орталығының директоры Гүлжан Вероцкая, KazFerroGroup ЖШС өндіріс жетекшісі Айбек Қабылбеков бар.

2024-2025 оқу жылында М.Әуезов атындағы ОҚУ-ін 4675 түлек бітіреді. Түлектер жәрмеңкеде жұмыс берушілерден қажетті ақпараттарын алып, бірқатар мекемелерге түйіндемелерін тапсырып та үлгерді.

Іс-шара аясында қатысушыларына «Әуезов университеті түлектерінің қауымдастығы» ұйымдастырған тегін лотерея ұйымдастырылып, сыйлықтар берді және өнерпаздардың концерттік бағдарламасы ұсынылды.



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Ғылыми кеңестің кезекті отырысында университеттің Басқарма төрағасы-ректор, Ғылыми кеңестің төрағасы Ахмед-Заки Дархан Жұмақанұлы алдымен жетістіктерге қол жеткізген бірқатар профессор-оқытушылар құрамын марапаттады.

Атап айтқанда, «Тамақ инженериясы» кафедрасының профессоры, х.ғ. к., Уразбаева Клара Әбдіразаққызына 65 жылдық мерейтойына орай Басқарма Төрағасы-ректор Д.Ахмет-Заки құттықтау хат табыстады. «Тұлға дамыту және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, т.ғ.к., Жанысбекова Гүлнар Әмірбайқызына Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Жарлығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» мерекелік медалі, Жастар орталығының директоры Ақан Бесбаевқа ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың жұмыс сапары барысында іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыруға қосқан үлесі үшін Шымкент қаласының әкімі Ғ.Сыздықбековтың Алғыс хатын және жас ғалымдар – Г.Қалдыбаева, Н.Утеулиев, Э.Турсынкулова, Ю.Поповаға философия (PHD) докторы дәрежесінің дипломдары табысталды. Сонымен қатар республикалық пәндік олимпиадаларда, пікір-сайыс турнирлерінде жүлделі орындарды иеленген студенттерімізге дипломдары, төсбелгілері және сертификаттары салтанатты түрде берілді.

Ғылыми кеңестің күн тәртібінде негізгі үш мәселе қарастырылды:

* «Университеттің имидждік саясаты: жағдайы мен болашағы» (Баяндамашы: Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректор С.К.Бейсенбаев);

* «Оқу процесінде электронды контент пен мультимедиялық әзірлемелерді пайдалану туралы» (Баяндамашы: Оқу-әдістемелік орталығының басшысы Б.М.Хамитова);

* «Докторанттардың диссертация тақырыптарын бекіту (қысқы қабылдау)» (Баяндамашы: Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры Г.М.Елибаева).

«ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ: БІЛІМ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК»

Қазақстан Республикасы Мәжіліс депутаты Серіков Таңсәуле Ғабдыманапұлы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің профессор-оқытушылар құрамы және студенттермен «Инклюзивті қоғам: білім және қолжетімділік» тақырыбында кездесу өткізді. Мәжіліс депутаты алдымен университеттің мұражайы, «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығын аралып, мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған инклюзивтік қызмет көрсету орталығының жұмысымен танысты.



Университеттің Басқарма-Төрағасы Дархан Ахмед-Заки кездесуде Таңсәуле Ғабдыманапұлының ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, біршама заңнамалардың қабылдануына атсалысқанын атап өтті. Кезекті сөз алған Т.Ғабдыманапұлы бүгінде елімізде 737 мың мүгедектігі бар азамат бар болса, басым бөлігі жастар екеніне тоқталды.

– Мүмкіндігі шектеулі жандар әлеуметтік жәрдемақы сияқты қолдауларға ғана емес, әсіресе жастардың жоғары білім алып, жұмыспен қамтылуына да ерекше назар аударылуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында «Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар әрбір баланың толыққанды білім алуға мүмкіндігі болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан жыл

соңына дейін осындай балаларға жан-жақты қолдау көрсету ісін реттейтін жаңа заң әзірлеу керек» – деп тапсырма берген болатын. Бұл бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Жастармен бүгінгі кездесуде ұсыныстарын тыңдаймыз, – деп атап өтті басқосуда Т.Серіков. Университетте 120-дан студент инклюзивті білім алуға мүмкіндік алған. Кездесуге келген жастар және олардың ата-аналары депутатпен еркін пікір алмасып, көкейлеріндегі сауалдарын ірікілмей қойды. Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығы, жұмыспен және баспанамен қамтылуы секілді сауалдарға толыққанды жауап алды. Әңгіме барысындағы Таңсәуле Ғабдыманапұлының өмір және еңбек жолдарындағы жетістіктері жастарға рухани күш беріп, шабыттандырды.

Олимпиада үздіктері

Шымкент қаласы және Түркістан облысы мектеп бітіруші оқушыларына арналған Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндер комбинациясы бойынша олимпиаданың және «Жас талант» шығармашылық өнер конкурсы жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталды.



Университеттің Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ернар Иманғалиев білім мен өнер досында жүзден жүйрік мыңнан тұлпар шыққан жеңімпаздарды, олар білім алған мектеп директорлары мен ғылыми жетекшілерін құттықтап, М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Басқарма Төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Закидің Алғыс хатын табыстады.

Атап өтейік, дәстүрлі түрде өтетін олимпиадада биыл Шымкент қаласы, Түркістан облысының Сарыағаш қаласы, Түлкібас, Сауран, Шардара, Төле би, Мақтаарал аудандарынан келген кіл мықтылар өздерінің білімін жоғары деңгейде көрсетті. Олимпиаданың нәтижесі бойынша 54 жеңімпаз анықталды.

I – орынға 18 оқушы (100% оқу ақысы тегін);

II – орынға 18 оқушы (75% оқу ақысына жеңілдік);

III – орынға 18 оқушы (50% оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған) лайық деп танылды.

Барша қатысушыларды жүлделі орындарымен шын жүректен құттықтаймыз!

Молодой учёный ЮКУ на глобальном экофестивале

С 15 по 18 мая 2025 года в Республике Узбекистан прошёл масштабный глобальный фестиваль, объединивший учёных со всего мира. В мероприятии принял участие молодой учёный Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, PhD доктор, заведующий научно-исследовательской лабораторией имени У. Бестерекова «Мониторинг качества воды и водные технологии» Еркебулан Раимбеков.

Он представил достижения казахстанской научной школы в области водных технологий, рассказал о цифровом контроле качества воды, инновациях на основе МОФ (металлоорганических карбасов), а также о роли молодёжи в восстановлении экосистем и борьбе с опустыниванием.

В рамках фестиваля участники приняли участие в следующих мероприятиях:

- Инновационная выставка в Нукусе по зелёным технологиям и устойчивому развитию;
- Экологическая молодёжная акция по посадке саксаула в Муйнаке в Приаралье;



- Посещение «кладбища кораблей» — ознакомление с последствиями высыхания Аральского моря;
- Ознакомление с восстановленными массивами саксаула;
- Молодёжный диалог в Ташкенте на тему климатической устойчивости, цифровых экопроектов и роли науки.

Визит регионального директора QS в университет

20 мая 2025 года с официальным визитом Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова посетил Региональный директор QS по Средней Азии и Восточной Европе Сергей Владимирович Христолюбов. В ходе визита состоялась встреча с руководством университета во главе с председателем правления-ректором ЮКУ им.М.Ауэзова Ахмед-Заки Дарханом Жумакановичем.



На встрече обсуждались вопросы сотрудничества университета с компанией QS: организация совместных мероприятий, участие в рейтингах QS Asia University Rankings, QS Stars, QS Sustainability, QS by Subject и других ключевых направлений развития ЮКУ им.М.Ауэзова для продвижения в международных рейтингах.

В ходе переговоров также были рассмотрены вопросы эффективного развития университета, расширения партнерских связей, использования сети научных партнёров QS и разработки совместных исследований.

В ходе визита состоялась встреча с руководителями подразделений ЮКУ им. М.Ауэзова, в ходе которой Сергей Христолюбов подробно продемонстрировал показатели университета в рамках индикаторов рейтинга и возможности для дальнейшего развития.

По итогам встречи были даны рекомендации по дальнейшему продвижению в мировых рейтингах и определены задачи для включения в стратегический план университета для повышения конкурентоспособности на мировом пространстве.

Ученый Ауэзов университета получил ученое звание «профессора»



Согласно приказу № 774 от 22 мая 2025 года председателя Комитета по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, кандидат экономических наук, профессор кафедры «Финансы» Исаева Гульмира Куздеуалиевна получила звание профессора по научному направлению 50200 – «Экономика и бизнес».

Сердечно поздравляем Гульмиру Куздеуалиевну от имени руководства и коллектива университета с присвоением ученого звания! Желаем неиссякаемой энергии и плодотворной работы на благо нашей страны!

«ASYL AUEN» БАС ЖҮЛДЕНІ ЖЕҢІП АЛДЫ


Университетіміздің «Asyl auen» қобызшылар квартеті Алматы қаласында «QAZAQ ART» орталығының ұйымдастыруымен өткен XIII Халықаралық «KOKTEM FEST» байқауында «Аспапта орындау» жанры бойынша бас жүлдені жеңіп алды.

«Asyl auen» қобызшылар квартетінің өнерпаздары Айяна Жұмазбай, Зия Жолдасова, Гүлзат Байдархан дипломмен және жетекшісі – Арипбаева Ляззат Шариповна Алғыс хатпен марапатталды.

Қобыз – қазақтың көне музыкалық аспабы. Күрделі саналатын ұлттық аспапта ойнайтын біздің қобызшы қыздарымыз небәрі бірінші курс студенттері. Ұлттық аспапты меңгеріп, халықаралық деңгейде өнер көрсетіп, бас жүлде алған қыздарымызды шын жүректен құттықтаймыз!



XIII жазғы Универсиада: студенттеріміз жеңіс сыйлады



«Түркістан Арена» стадионында XIII Жазғы Универсиаданың ашылу салтанаты өтті. Ашылу рәсімінде ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Т.Ешенқұлов, ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары А. Нұрмұханбетов, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Б.Тәжібаев құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Универсиадаға М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма Төраға-

жөніндегі проректор Садыбек Бейсенбаев, оқытушылар құрамы қатысып, студенттерімізге қолдау білдірді.

Универсиаданың алғашқы күнінен бастап-ақ студенттеріміз жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Каратэден құрама командасы жоғары көрсеткішпен жалпы командалық есепте 2-орын алды. Жеңіс тұғырынан көрініп, абыройымызды асқақтатқан студенттеріміз:

«СТ-23-5к» Лаура Сагинбек (68 кг) 1-орын

Түркістан қаласында Қазақстандағы жоғары оқу орындарының білім алушылары арасында 2025 жылдың 10 мамырда XIII жазғы Универсиада басталды. Студенттер спорттың 17 түрінен сайысқа түсуде. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінен жарысқа 141 студент қатысты. Волейбол, бокс, дзюдо, қазақ күресі, баскетбол, еркін күрес, грек-рим күресі, бадминтон, шахмат, каратэ, футзал, жүзу, жеңіл атлетикадан үлкен дайындықпен аттанды.

сы-ректор Дархан Ахмед-Заки, Қоғаммен байланыс және мәдениет

«ЮМ-22-3тк» Айжан Бәкірова (61 кг) 1-орын
«СТ-24-5К1» Дінмұхаммед Айдарбек (55 кг) 2-орын

«СТ-23-3к13» Жансұлтан Мырзалы (84 кг) 3-орын
«ММГ-21-2р» Бексұлтан Алжанов (67 кг) кумитэ 3-орын., ката 3-орын.

«ЭФ -23-7к2» Таисия Утельбаева (+68 кг) 3-орын
«ЮМ-23-1к4» Біржан Еркін (84 кг) 3-орын.

Барша жеңімпаздарымызды Әуезов университетінің басшылығы және ұжымы атынан құттықтаймыз!!! Біз сіздермен мақтанамыз!

Қытайға сапар ғылым мен жоғары білімдегі ынтымақтастық көкжиегін кеңейтті

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің делегациясы Қытайда өткен «Өндіріс, білім, ғылым және қолданбалы салалар бойынша» Қытай – Орталық Азия ынтымақтастық конференциясына қатысып, жетекші оқу орындарымен ынтымақтастық келісімге қой қойды. Сапар аясында алпауыт елдің университеттерінің ғылыми әлеуеттері және инфрақұрылымымен танысты. Сапар аясын тарқатып айтсақ.

Делегация ауқымды халықаралық конференцияға қатысты қатысты

2025 жылғы 12 мамырда Қытай Халық Республикасының Синьцзян-Ұйғыр автономиялық ауданының Халықаралық көрме орталығында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің делегациясы Басқарма Төрағасы-Ректор Дархан Ахмед-Закидің басшылығымен «Өндіріс, білім, ғылым және қолданбалы салалар бойынша» Қытай – Орталық Азия ынтымақтастық конференциясына қатысты.

Ауқымды халықаралық іс-шара Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі, СУАА партия комитетінің хатшысы Ма Сиджуй және ҚХР Білім министрі, Қытай Ғылым академиясының академигі Хуай Цзиньпэннің төрағалығымен өтті.

Конференцияда қатысушы елдердің білім министрлері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі – С.Нұрбек, Беларусь Республикасы Білім министрі – А. Иванец, Өзбекстан Республикасы Жоғары білім, ғылым және инновация министрі – К.Шарипов құттықтау сөз сөйледі.



Конференция аясындағы маңызды нәтижелердің бірі – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Yili Normal University (ҚХР) арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылуы болды. Бұл құжат екі университет арасында академиялық алмасу, бірлескен бағдарламалар және ғылыми жобаларды жүзеге асырудың негізін қалайды.

Сапар аясында делегация «Қытайда оқу – Синьцзянда оқу» атты білім көрмесіне де қатысты. Көр-

меде Синьцзян мен Қытайдың өзге де өңірлерінің жетекші университеттері, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің өкілдері қатысты. Бұл іс-шара серіктестікті кеңейтуге және «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында жаңа мүмкіндіктерді талқылауға мүмкіндік берді.

Жетекші университеттердің ректорлары форумда бас қосты

Ал 13 мамырда Қытай Халық Республикасының Синьцзян уни-

верситетінің «Хунху» кампусында Шанхай ынтымақтастық ұйымы Университетінің 2025 жылғы конференциясы – Ректорлар форумы өтті. Іс-шара ШЫҰ-ға мүше елдердің жетекші университеттерінің басшыларын біріктірді.

Іс-шараны ұйымдастырушылар – ҚХР Білім министрлігі (жетекші ұйым); ШЫҰ Университетінің ректоры (ҚХР); Сиань Цзяотун университеті және Синьцзян университеті (атқарушы ұйымдастырушылар).

Конференция тақырыбы – «Оқытуды цифрландыру, тұрақты және ұзақ мерзімді даму, өнеркәсіп пен білімді біріктіру». ШЫҰ елдерінің университет ректорлары баяндама жасап, жоғары білім беруді цифрландыру мен өндірістік ортамен ықпалдастыру жағдайында трансформациялау бойынша инновациялық тәсілдерді ұсынды.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма Төрағасы – ректор Дархан Ахмед-Заки пленарлық отырыстың модераторы ретінде сөз сөйледі. Ол халықаралық ынтымақтастықтың, тұрақты дамудың және университеттердің интеллектуалдық трансформациясының маңыздылығын атап өтті.



Форумда Пекин университетіндегі «ақылды кампусты» құру; Цинхуа университетінде жасанды интеллектіні оқытуда қолдану; Чжэцзян, Фудань, Харбин политехникалық, Нанкин және Шанхай Цзяотун университеттерінің тәжірибелері, сондай-ақ цифрлық трансформация мен тұрақты білім беруді дамытуға белсенді қатысатын басқа да ШЫҰ университеттерінің технологиялық тәжірибелер таныстырылды.

Бұл форумға қатысу М. Әуезов атындағы университет үшін стратегиялық маңызға ие. Университет ШЫҰ-ның белсенді қатысушысы ретінде халықаралық академиялық байланыстарды нығайтуға, алдыңғы қатарлы біліммен алмасуға және жаңа буынға арналған білім беру шешімдерін әзірлеуге ұмтылады.

Іс-шара университеттің халықаралық аренадағы рөлін нығайтудың маңызды алаңына айналды және оның цифрландыру, тұрақты даму және білім мен өндірісті біріктіру мақсаттарына адалдығын растады.

Синьцзян университетімен өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды

Ары қарай М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің делегациясы Синьцзян университетінде болып, Бода кампусындағы зертханалық және ғылыми инфрақұрылыммен танысты.

Сапар барысында делегация университеттің заманауи технологиялармен жабдықталған зертханаларын аралап көрді. Атап айтқанда, «Компьютерлік ғылымдар және технологиялар» факультетінің көптілді зертханасы, «Робототехника» зертханасы, «Зияткерлік өндіріс» зертханасы, «Химиялық технология институтының оқу-ғылыми зертханасы» және басқа да инновациялық ғылыми орталықтар. Аталған зертханалар Синьцзян университетінің ғылым, білім және технологияны интеграциялау бағытындағы стратегиялық басымдығын, сондай-ақ инженерлік және қолданбалы ғылымдарды дамытуға деген ұмтылысын көрсетеді.



Сапардың маңызды оқиғасы ретінде М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Синьцзян университеті арасында өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Бұл құжат академиялық әріптестікті кеңейтуге, бірлескен білім беру бағдарламаларын іске қосуға, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын ілгерілетуге және ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын дамытуға жол ашады.

Сапар аясында сондай-ақ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Солтүстік Қытай электр энергетика университеті арасында қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім энергетик, инженерлік бағыттар бойынша білікті кадрлар даярлау мен халықаралық білім беру стандарттарын енгізуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Аталған ынтымақтастық Қазақстан мен Қытай арасындағы жоғары білім беру саласындағы байланыстарды нығайтып, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында жүзеге асырылып отыр.



Сиань Цзяотун университетімен ынтымақтастық аясы кеңейеді

ҚХР-ға сапар аясында Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки Қытайдың жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі – Сиань Цзяотун университетінің басшылығымен кездесу өткізді.

Сиань Цзяотун университеті М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті стратегиялық серіктес болып табылады. Екі жоғары оқу орны академиялық ұтқырлық, бірлескен білім беру бағдарламалары және ғылыми жобалар салаларында тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Кездесу барысында Сиань Цзяотун университетінің вице-президенті, профессор Шань Чжисюй Д. Ахмед-Заки мырзаның сапары мен екіжақты серіктестікті нығайтуға бағытталған бастамасына алғысын білдіріп, оны кеңейту бойынша нақты ұсыныстар айтты. Атап айтқанда:

- Жасанды интеллект саласындағы болашақ көшбасшыларға

арналған жазғы мектепке қатысу үшін ОҚУ студенттеріне 5 басымдықты орын бөлу;

- 2025 жылы бакалавриат пен магистратура деңгейлеріндегі академиялық алмасу бағдарламаларына (3/6/12 ай) үздік студенттерге 5 орын беру;

- 2026 жылы магистратура мен PhD бағдарламаларына 5 басымдықты орын, стипендия алу, оқу ақысына жеңілдік, жатақхана және медициналық сақтандыру мүмкіндіктері.

Кездесуде қос дипломды бағдарламаларды іске қосу, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясындағы және ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелері де талқыланды.

Бұл сапар Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайту және М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің халықаралық белсенділігін арттыру жолындағы маңызды қадам болды.





Поездка в ближнее зарубежье: Каракалпакстан, Нукус

По приглашению руководства в лице ректора Жоллыбекова Бердияра Бахтияровича, доктора сельскохозяйственных наук, и Наурызова Тохтамыса Кыдырбергеновича, доктора сельскохозяйственных наук (PhD), доцента, декана факультета «Зооинженерия» Института сельского хозяйства и агротехнологий Каракалпакстана (от 19.04.2025 г. № 39/942-son), согласно дополнительному соглашению между ректорами двух стран от 03.02.2025 г., в целях укрепления и дальнейшего развития академических и научных связей между двумя вузами, а также на основании заключенного договора о сотрудничестве, Самаркандский государственный университет ветеринарной медицины, животноводства и биотехнологий пригласил к.в.н., профессора Южно-Казахстанского исследовательского университета им. М. Ауэзова – Туткышбая И.А., к.т.н., профессора Туребекову Г.З. и PhD Аккозова А.С. для проведения курса лекций для студентов Института сельского хозяйства и агротехнологий Каракалпакстана в период с 28.04 по 02.05.2025 г. Сопровождали и помогали в организации курса лекций заведующие кафедрами: «Зооинженерия и ветеринария» — доцент С. Ешмуратова, «Рыбоводство» — доцент З. Алламуратова, «Информационные технологии, математика, химия, физика» — доцент Р. Беглербеков.

29.05.2025 г. по официальному приглашению руководства в лице директора Есимбетова Адилбая Тлеповича, доктора биологических наук, доцента Нукусского филиала Самаркандского государственного университета ветеринарной медицины, животноводства и биотехнологий, прибыл профессорско-преподавательский состав: к.в.н., профессор Южно-Казахстанского исследовательского университета им. М. Ауэзова – Туткышбай И.А. для проведения курса лекций для студентов университета по специальности «Ветеринария» по тематике «Патология животных»; к.т.н., профессор Туребекова Г.З. для проведения курса лекций для студентов университета по специальности «Экология» по тематике «Химия»; PhD Аккозова А.С. для проведения курса лекций для студентов университета по специальности «Ветеринарная санитария» по тематике «Ихтиология-рыбоводство».

Сначала нас ознакомили с коллективом вуза: деканами, заведующими кафедрами, студентами, магистрантами и докторантами. Затем в актовом зале, вмещающем более 150 студентов старших курсов, провели встречу с нашей делегацией. В распоряжении Нукусского филиала Самаркандского государственного университета ветеринарной медицины, животноводства и биотехнологий имеется 5 факультетов, 7 кафедр, программы бакалавриата и магистратуры, а также реализуются программы для иностранных студентов, включая Study in Uzbekistan.



По корпусу факультета нас сопровождали и ознакомили с каждой аудиторией, предназначенной для проведения курса лекций, заведующие кафедрами: «Зооинженерия» (и.о. доцента Х.А. Маматов) и «Ветеринарной медицины и безопасности пищевых продуктов» (к.в.н. Х.Ю. Арзиев).

Мы, в свою очередь, с приветственным словом на двух языках доложили о цели и задачах визита, а также показали на интерактив-

ной доске 10-минутный видеоролик о ЮКИУ. После этого я выступил с докладом, представляя презентацию Аграрного факультета ЮКИУ им. М. Ауэзова. Наше выступление сопровождалось бурными аплодисментами и множеством вопросов о льготных критериях при подаче документов и поступлении в наш казахстанский вуз.

Следующие часы были посвящены учебной, методической и научно-исследовательской работе, а также обсуждению образовательных программ. Мы посетили секции и аудитории, где проходили занятия со студентами различных специальностей. Первые 50 минут мы читали лекции с использованием интерактивной доски, а затем в лабораторной аудитории проводили практические занятия совместно с коллегами. Мастер-класс был организован в манеже с установленным ветеринарным оборудованием. Затем каждый из нас был направлен по специфике своей специальности для тематической работы. Руководство и заведующие кафедрами ознакомили нас с ветеринарными клиниками, лабораториями ихтиологии-рыбоводства и птицеводства, лабораториями сельскохозяйственных животных, теплицами растениеводства и другими объектами.

**И.А. ТУТКЫШБАЙ — канд. вет. наук, лауреат стипендии «Болашак»,
А.С. АККОЗОВА — PhD, доцент каф. ветеринарии, Аграрный факультет ЮКИУ**

Английский в метавселенной: учим язык там, где границ больше нет



Совсем недавно мы только привыкли к Zoom-занятиям и онлайн-платформам, а сегодня уже говорим о следующем шаге — погружении в метавселенную, виртуальную и дополненную реальности, где обучаться можно не просто перед экраном, а находясь внутри учебного процесса. Английский язык — один из первых предметов, который особенно выиграл от таких технологий. Ведь язык — это прежде всего общение, взаимодействие и культура. А ничто не передаёт это лучше, чем полное погружение в языковую среду, даже если она виртуальна.

Технологии виртуальной реальности (VR) и дополненной реальности (AR) позволяют создавать обучающие сценарии, которые невозможно реализовать в обычной аудитории. Например, студент может оказаться в 3D-модели аэропорта и пройти через все этапы общения на английском — от регистрации до прохождения таможни. В рамках AR-платформ он может навести телефон на предмет и получить не просто перевод, а сразу его фонетическую транскрипцию, примеры употребления и видео с произношением. Групповой VR-квест превращает изучение грамматики в командную игру, где участники могут «строить» предложения, буквально двигая элементы в пространстве. Такие форматы активируют мотивацию, вовлекают даже самых пассивных студентов и создают среду, где ошибка — это часть игры, а не повод для стресса. Исследования показывают, что иммерсивное обучение (обучение через погружение) способствует лучшему запоминанию и удержанию информации. В виртуальной реальности студент не просто слышит и повторяет слова, а использует язык в действии — заказывает еду, ведёт диалог, решает проблему. Это максимально приближено к реальному опыту, которого так не хватает в традиционной аудитории. Кроме того, в метавселенной у студентов появляется больше свободы и меньше страха. Ученик может общаться через аватара, что снижает барьер и даёт уверенность, особенно интровертам и тем, кто боится делать ошибки вслух. Виртуальные миры — это не только язык, но и культурный контекст. Например, можно «посетить» цифровую модель Британского музея и обсудить экспонаты или устроить встречу с носителями языка из других стран. Это расширяет кругозор, учит межкультурной коммуникации и формирует глобальное мышление, что особенно важно в условиях международной академической мобильности. Даже если вуз ещё не оснащён VR-шлемами, начать можно уже сегодня: бесплатные VR-экскурсии по Лон-

дону, Нью-Йорку и другим городам, использование мобильных AR-приложений (например, Mondly VR, Merge Cube), платформы для совместного общения в метавселенной (например, ENGAGE, AltspaceVR), создание цифровых «языковых комнат» на базе платформ вроде Spatial или Mozilla Hubs. Даже простые ролевые игры на фоне 360° видео с улиц Торонто могут дать студентам больше, чем десятки упражнений в учебнике. В этом новом пространстве преподаватель не утрачивает своей роли — наоборот, он становится проводником: помогает студентам сориентироваться, ставит цели, направляет внимание, корректирует язык и вдохновляет. Наши задачи меняются: от простого объяснения правил — к созданию сценариев и смыслов, в которых язык оживает. Возможно, совсем скоро наша фраза в конце пары будет звучать иначе: See you next time... in the Metaverse! Таким образом, внедрение VR и AR в преподавание английского языка — это не просто технологическая новинка, а глубокое изменение самого подхода к обучению. Мы отходим от шаблонных моделей «учебник + тетрадь» и переходим к созданию живой, активной, вовлекающей среды, в которой студенты не просто учат язык, а живут в нём. Они становятся не пассивными слушателями, а активными участниками — исследователями, путешественниками, переговорщиками. И всё это возможно даже без выезда за границу. Конечно, это требует от преподавателя новых навыков: цифровой грамотности, гибкости, умения интегрировать технологии в методику. Но это и уникальный шанс сделать обучение по-настоящему современным, интересным и значимым. Ведь наша задача — не просто передать грамматику и лексику, а подготовить студентов к





жизни в глобальном мире, где английский — это не предмет, а ключ к возможностям: в науке, карьере, путешествиях, международных проектах. Метавселенная, VR и AR — это не замена классической педагогике, а её мощное расширение. И если мы научимся грамотно их использовать, то сможем не только удерживать внимание студентов, но и вдохновлять их на самостоятельное изучение, на взаимодействие, на открытие новых горизонтов. Поэтому сейчас, как никогда, важно идти в ногу со временем. Ведь язык — это всегда про будущее. И сегодня это будущее носит VR-очки.

Касиет АБАЙ,
преподаватель английского языка, магистр

К вопросу о значимости дисциплины «Начертательная геометрия»

Необходимым условием рациональной подготовки современного специалиста является целостность и системность в изучении фундаментальных дисциплин, максимальное использование потенциальных возможностей фундаментальных дисциплин с целью формирования у будущих специалистов профессиональных качеств. Дисциплина «Начертательная геометрия» относится к разряду фундаментальных, преподается практически для всех специальностей технических вузов на первых курсах обучения, и ее следует рассматривать как важнейшую составляющую в системе фундаментальной подготовки современного специалиста. О значимости «Начертательной геометрии» как фундаментальной дисциплины особо подчеркнул также ректор Южно-Казахстанского исследовательского университета имени М. Ауэзова Д. Ахмед-Заки.



Начертательная геометрия в классическом понимании представляет собой ветвь высшей геометрии, основанную на применении метода изображений. Для неё характерна та глубокая общность способов рассуждений, которая свойственна каждой математической науке.


Вместе с тем её характерной особенностью является возможность применения к объектам различной природы.

Начертательную геометрию выделяет то обстоятельство, что она для решения стереометрических задач выбирает графический способ, при котором свойства различных геометрических фигур изучают непосредственно по графическим изображениям, т.е. по чертежам. Умение оперировать графическими моделями предметов, формирование навыков конструирования и развитие пространственных представлений у студентов на начальной стадии обучения, т.е. на 1-м курсе, отводится этой дисциплине.

Следует отметить, что начертательная геометрия является достаточно сложной наукой. Она традиционно читается для студентов преимущественно в первом семестре 1-го курса (вчерашних школьников), не имеющих еще практического опыта по пространственному представлению геометрических объектов, в связи с

чем у них возникают определенные трудности при ее изучении и сдаче экзаменов. По этой причине в студенческой среде была популярна фраза «Начерталку сдал – студентом стал!».

Несмотря на важность полноценной графической подготовки студентов технических специальностей, в последнее десятилетие сформировалась устойчивая тенденция на резкое сокращение, а в ряде случаев и на ликвидацию кредит-часов, выделяемых учебными планами различных технических специальностей на изучение начертательной геометрии. Разработчики образовательных программ мотивируют такое «игнорирование» начертательной геометрии тем фактом, что ведущие предприятия во всем мире широко используют компьютерные технологии. Сейчас стало очевидным, что использование компьютерных технологий позволяет создавать пространственные модели любой сложности. Простота, многогранность и быстрота выполнения пространственного моделирования на ЭВМ, возможность гибкого изменения разрабатываемых моделей, их наглядность делают такое моделирование предпочтительным в сравнении с традиционными способами. При использовании 3D-технологий геометрическое моделирование осуществляется на основе прямого оперирования пространственными объектами, а



не их проекциями. Этот естественный вариант проектирования стал реально возможным благодаря компьютерной графике, позволяющей достаточно просто управлять созданием трехмерных моделей и наглядно отображать их на экране.

Здесь важно понимать, что эффективное использование компьютерных технологий невозможно без глубоких теоретических знаний и практических навыков в области начертательной геометрии. Начертательная геометрия как фундаментальная дисциплина формирует навыки взаимно-однозначных преобразований двумерных и трехмерных моделей изделия (прямая и обратная задачи начертательной геометрии). Без этих знаний и навыков эффективное конструирование сложных изделий, даже с использованием компьютера, невозможно, поскольку конечные решения принимает человек с определенной квалификацией.

Начертательная геометрия учит нас правильно читать чужие и излагать наши собственные мысли, пользуясь в качестве «слов» только линиями и точками, как элементами всякого изображения. Если говорить о геометрии в широком смысле слова, то можно с уверенностью утверждать, что геометрические интерпретации последовательно и логично сопровождают практически все науки. А начертательная геометрия, благодаря высокому уровню мотивации продолжения научных исследований и их технической востребованности, стала надежным научным аппаратом, с помощью которого решаются сложнейшие задачи в различных областях науки и техники.

Актуальность вышесказанного особенно проявляется при решении различного рода инженерных задач. Например, определение положений пространственной оси уборки колеса шасси самолета осуществляется методами начертательной геометрии. Ось определяется как прямая пересечения плоскостей симметрии колеса в выпущенном и убранном положениях. Аналитическое уточнение результатов, благодаря геометрическому представлению найденного решения, не вызывает больших затруднений.

Существует множество задач начертательной геометрии, связанных с поверхностями различных технических форм, встречающихся во многих отраслях машиностроения. Например, задачи построения сечения линейчатой поверхности плоскостью общего положения значительно проще и быстрее (даже с помощью ЭВМ) решаются при применении первой основной позиционной задачи начертательной геометрии. Алгоритмы основной позиционной задачи также успешно применяются при построении теней на архитектурно-строительных чертежах. Если рассматривать каналы поверхности, то в дополнение к указанным позиционным, возникают метрические задачи с обеспечением необходимого графика площадей сечений по длине канала и т.п. Прикладное значение начертательной геометрии можно увидеть при построении линии взаимного пересечения кривых поверхностей, каждая из которых является поверхностью второго порядка. Общие

точки пересечения поверхностей являются коэффициентами при неизвестных разыскиваемого уравнения четвертой степени, что затруднительно при аналитическом решении подобной задачи. В данном случае геометрическое решение оказывается значительно проще и короче аналитического.

Таким образом, основной целью изучения начертательной геометрии в вузе является развитие пространственного представления и конструктивно-геометрического мышления, способностей к анализу и синтезу пространственных форм и отношений на основе графических моделей пространства, практически реализуемых в виде чертежей и трехмерных компьютерных моделей сложных высокотехнологичных наукоемких изделий, а также соответствующих технических процессов и зависимостей. Это ставит перед графическими дисциплинами ряд важных задач. Они должны обеспечить будущим специалистам знание общих методов построения и чтения чертежей, решения большого числа разнообразных инженерно-геометрических задач, возникающих в процессе проектирования, конструирования, изготовления и эксплуатации различных технических и строительных объектов. Методы начертательной геометрии необходимы для создания машин, приборов и комплексов, отвечающих современным требованиям эффективности, надежности и экономичности.


Начертательная геометрия обеспечивает студента минимумом фундаментальных инженерно-геометрических знаний, на базе которых они смогут успешно изучать сопромат, теорию машин и механизмов, детали машин и другие конструкторско-технологические и специальные дисциплины, а также овладевать новыми знаниями в области компьютерной графики, геометрического моделирования и др.

В контексте разработки образовательных программ важно не допустить нарастания наметившейся в последние годы тенденции выхолащивания содержания дисциплины «Начертательная геометрия», сведения ее к элементной базе инженерной и компьютерной графики, наполнения курса примитивными задачами.

Д.п.н., профессор кафедры «Строительные материалы и экспертиза в строительстве»
Джанабаев Ж.Ж.

Доктор PhD, старший преподаватель кафедры «Строительные материалы и экспертиза в строительстве»
Умбетов Н.С.

К.т.н., доцент кафедры «Строительные материалы и экспертиза в строительстве»
Жакаш А.З.



Тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болып жатқан кезде ұзақ жылдар бойы отаршылдықтың тұтқынына түскен санамыз қайта жанданып, даму үрдісін бастан өткізуде. Кеңес үкіметі кезіндегі айтылмаған, айтылуға тыйым салынған көптеген тарихы құнды деректерімізді зерттеуге бет бұрып жатырмыз.

Қасіретті жылдардың жаңғырығы

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ Қазақстанда XX ғасыр ірі тарихи оқиғалармен ерекшеленеді. Өткен ғасырдың алғашқы жартысы — қазақ халқының өмірінде бетбұрысты кезең деп саналады. Әсіресе 20–30 жылдарындағы ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ тарихының қасіретті беттерін айғақтайды. Зертеуші ғалымдар осы мәселемен айналысып, Қазақстанда халқы бір ғасырда үш бірдей ашаршылықты бастан кешкен және оны үш кезеңге бөліп қарастырады:

- 1919-1922 жылдардағы аштық (1,5 млн адам);
- 1931 -1933 жылдардағы аштық (2,5 млн адам);
- 1946 жылдары болған аштық.

1919–1922 жылдары болған аштық кезінде 1,5 млн жуық адам шығыны болды. Ол көбінесе елдің оңтүстік аймақтарын қамтыды, нақ осы және басқа да деңгейде Қазақстанның барлық тұрғындары да зардап шекті. Екінші ашаршылық, әртүрлі мәліметтер бойынша, 1930 жылдарда 1,5 мл-нан 2,5 млн. адамға дейін болды. Ал, үшінші ашаршылық соғыстан кейінгі еліміздегі экономикалық ахуалдарға байланысты туындады. Бірақ та, бұл ашаршылық сол жылдары халықтан жасырын түрде ұстады. Осылайша, қазақтар 15–20 жылдың ішінде халқының жартысына жуығынан айырылған. Әлемдік тарихта мұндай кең ауқымды ашаршылық болмаған.

Қазақ жерінде ашаршылық салдарынан демографиялық ахуал күрт

төмендеп кеткен болатын. Оның айқын көрінісі ретінде тарих беттерінде қалған 1931–1933 жылдары қазақ халқының басына төнген ең бір қасіретті «Ұлы жұт» кесірінен күні бүгінге дейін қазақ халқы өз жерінде демографиясы жағынан азшылыққа ұшырап отыр.

Батыстық немесе ресейлік ғалымдар ашаршылықтың болу себебі ауа райының қолайсыздығынан, құрғақшылық болып егіннің шықпай қалғанынан немесе жұқпалы аурулардың таралуынан деген сияқты асыра сілтеулерден іздейді. Ашаршылық кезінде қаншама қазақ қыршынынан қиылды. Оған дәлел мұрағат қойнауында сақталған көптеген ресми құжаттар. Ұлт зиялысы М. Тынышбаевтың есебі бойынша «Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазақ өмір сүрген болса, ал М.Г. Сириустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақтар саны 1 965 443 әрең жетіп жығылған» — деген мәліметтер көрсетілген. Ал, белгілі демограф-ғалым М. Тәтімовтің есептеуінше «1931–1933 жж. ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, соның ішінде 2,3 млн қазақтың және 200 мың келімсектердің қайтыс болғаны анықталды. Отырықшы келімсектер арасында аштықтан өлгендер 10%-ға жетсе, көшпенді қазақтар арасында бұл көрсеткіш 52-53%-тен асып кеткен. Осыдан 17-18% жергілікті тұрғындардың Қазақстаннан біржола көшіп кеткен,- деген мәліметтерді есепке алсақ, қазақ халқының саны өз жерінде осы кезеңде 70% дейін кемігені көрінеді. Бұл деректер осыған дейін жарияланған мәліметтердің орташа есебімен сәйкес келеді. Тағы бір естелігінде ағамыз М. Тәтімов: «1879, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіріргенмін. Көзімнің жеткені — 1939 жылғы санақта қазақ халқының санын айтарлықтай асырып жазғандығын аңғардым. Сонда, озбыр саясат «орыс емес» ұлттарды аяусыз қырып-жойғандығын жасырып қалғысы келген»,— деп пайымдаған болатын.

1879 жылғы санақта қазақтар 5 млн. болса, арада 42 жыл өткен соң 1939 жылғы санақта қазақтар 2 млн. 300 мың болды. Яғни екі есе азайды. Осыған қарап отырып, 42 жылда қазақтар азамат соғысы, байларды кәмпескелеу, жаппай колхоздастыру, 1932–33 жылдардағы аштық, 1937–38 жылдардағы репрессия салдарынан миллиондаған адамынан

айрылған деуге әбден болады. Осы екі санақ арасында орыстар — 30, өзбектер — 24, қырғыздар — 16 пайызға көбейсе, қазақтар — 22 пайызға, украиндықтар — 21 пайызға кеміген.

Қазақстандық тарихшы А.Н.Алексеевның еңбектері Қазақстандағы ауыл тұрғындарының табиғи және көші—қон қозғалысын, халық санының өсу динамикасы және оның ұлттық құрамын зерттеуге арналған. Көптеген мұрағат деректері мен жарияланған материалдары негізінде ауыл тұрғындарының негізгі даму бағыттары анықталады. Сол сияқты 1920–1930 жылдардағы ашаршылық және оның демографиялық зардаптары, жаппай қоныс аудару, көші—қон, 1930–1940 жылдардағы қуғын—сүргінге ұшыраған халықтардың жер аударылуы мәселелер қарастырылған.

Яғни, бұл ғалымның зерттеуі бойынша әртүрлі есептеулер мен түзетулерге сүйенгенде, 1930—шы жылдарғы қазақ халқының аштан қырылуы 1 миллион 840 мың немесе қазақтың 47,3 пайызы құрайды. Бүкілодақтық халық санақтары бойынша әртүрлі авторлардың зерттеулерінде қазақ халқының сан жағынан кему көрсеткішінде шамалы айырмашылықтар байқалады. Мәселен, А.Н. Алексеевның мәліметтерінде 1939 жылғы қазақтың саны 2 млн. 328 адам делінген.

XX ғасырдың 30-шы жылдар басында өткерген сол бір нәубет ашаршылықты жасаған, жаппай ұжымдастыру идеологиясының негізін салушы, сонымен қатар Қазақстандағы «Кіші Қазан» төңкерісінің негіздеушісі, Сталиннің ұртоқпағы — Ф.Голощекин келе сала қолға алған ісі — жаппай кеңестендіру жүйесін енгізіп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын өзгертуге бағытталған идеясы. Күштеп ұжымдастыру тәсілдері астық, ет дайындау науқанын көп мөлшерде орындау қажеттігіне қарамастан, қазақ көшпелі өмір салтын отырықшыға айналдыру стратегиясы 1929 жылдан бастап Қоныстандыру басқармасының әзірлеген шаралары негізінде жүзеге асырыла бастады. Ауылшаруашылық өнімдерін күштеп дайындау жоспарына қазақ қоғамы кеңестендіру саясатына мойынсұна қоймады, себебі ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі халықтың ұлттық дәстүрлі шаруашылығы жаңа таптық жүйені жылдам қабылдауға дайын емес еді.

Осы наубетте менің де атам басынан кешті. Досыбайұлы Жұман 1889 жылы қазіргі Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Ақжол елдімекенінде дүниеге келген. XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың бас кезінде, Патша өкіметінің отарлау саясаты мен, кеңес өкіметінің сұрқия саясатының қиыншылығын басынан өткізіп, 1914-1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылығы Ұлт азаттық көтерілістің қиыншылығын көріп, 1931-1933 жылдардағы жаппай белең алған ашаршылық пен қанды қырғын, 1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын—сүргін жылдарында отбасын аман алып қалуда, қазіргі Өзбекстан жеріндегі Ташкент облысына қоныс аударған.

Досыбай Жұман өз құжатын жоғалтып алыпты, Әжем «бізді аштықтан аман алып алған сенің атаң» деп айтқан сөздері әлі есімде. Сол жақта бағбан болып, сауда жасап, әулетін аштықтан аман алып қалған. 1942 жылы өзінің туып-өскен отанына, кіндік қаны тамған жеріне қайта оралып, тылда жұмыс атқарып, 1954-1957 жылдардағы тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде аянбай еңбек еткен. Атамызда 1859 жылы кеңестік әскерлердің тапсырысы бойынша жасалған қару болған. Мен бұл қаруды сақтап, Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейіне тапсырдым (фотода).

Қорыта келгенде, ашаршылық қасіреті елдің жадынан ешқашан ұмытылмайды. Бүгінгі ұрпақ ашаршылық тарихын білуі керек және оның құрбандарын ұмытпауы тиіс. Өткен тарихтың ақиқатын халыққа жеткізу арқылы оның сабақтарын әрқашан есте сақтауымыз керек.

Нұрлыбек ЖОЛДАСБЕКҰЛЫ,
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-ті колледжінің,
Қазақстан тарихы пәні оқытушысы,
саясаттанушы магистр

Қазақстан армиясы – Орталық Азиядағы ең қуатты армия



Қазақстанда «7 мамыр – Отан қорғаушылар» күні. Бұл күн — еліміз үшін ерекше маңызға ие.. Бұл мереке тек әскери қызметшілердің мерекесі ғана емес, ол бүкіл халықтың армиямен бірлігін, елдің тәуелсіздігін қорғауға жауапкершілігін білдіретін маңызды күн.

Қазақстанның Қарулы Күштері 1992 жылы 7 мамырда құрылған болатын. Осы күнге дейін, 33 жыл бойы, бұл мереке еліміздегі әскери қызметшілер мен ардагерлерге үлкен құрмет пен алғыс белгісі ретінде аталып өтілуде. 1992 жылғы осы күнгі тарихи оқиға елдің тәуелсіздігін нығайту және мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін арттыру үшін маңызды қадам болды.

Отан қорғаушылар күні — Қазақстан халқының армияға құрметі мен оның еліміздегі маңызды рөлін танудың бір нышаны. Бұл күн әскери қызметкерлердің Отанға адал қызмет етуінің маңыздылығын атап өтеді, сондай-ақ жастарға патриотизмді, Отанға деген сүйіспеншілікті дәріптейді.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері — еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі құрылымдардың бірі. Армияның рөлі тек жауынгерлік күштермен шектелмейді, ол мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен халықаралық аренадағы беделін де арттырады. Қазақстанның армиясы уақыт өте келе күшті, заманауи, техникалық тұрғыдан жабдықталған құрылымға айналды.

Қазақстан армиясы құрылған кезде, еліміз тек әскери күш-қуатқа ие болу үшін ғана емес, сонымен қатар еліміздің тәуелсіздігі мен шекараларының тұтастығын қорғау үшін де маңызды қадамдар жасалды. Бүгінде Қазақстан армиясы Орталық Азиядағы ең қуатты армиялардың бірі болып табылады.

Отан қорғаушы болу — бұл тек қарумен жауды жеңу ғана емес, Отанға сүйіспеншілікті күнделікті өмірде көрсетіп, халықтың тыныштығын қамтамасыз ету болып табылады. Әрбір әскери қызметкер — еліміздің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі

үшін жауап беретін адам. Отан қорғаушы болу — үлкен жауапкершілік, адалдық пен ерлік.

Отан қорғаушы болу үшін физикалық дайындығымен қатар жоғары моральдық және психологиялық дайындық та қажет. Әскери қызметшілер әрқашан батыл болуға, өзінің Отанын қорғауға дайын болуға тиіс. Бұл қасиеттер еліміздегі бейбітшілікті сақтап, Қазақстанның халықаралық аренадағы орны мен мәртебесін арттырады.

«М. Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедрасында «7 Мамыр – Отан қорғаушылар» күніне орай ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты әскери кафедраның студенттеріне Отан қорғаушы болудың маңызы мен жауапкершілігі және Армияға оң көзқарас қалыптастыру, жастардың бойында өз Отанына сүйіспеншілікті арттыру негізінде жүргізілді.

–Бұл мереке біздің тәуелсіз мемлекетіміздің жауынгерлерін жігерлендіреді, халықтың әскери қызметшілерге құрметін арттырады, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеуге және Отанын қорғауға дайын болуға ынталандырады, – деп ашық сабағында Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің әскери кафедрасының бастығы, полковник Ж.Кенжебаев мәлімдеді.

М. Әуезов атындағы ОҚУ-нің Әскери кафедрасында профессор-оқытушы құрамы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің ардагерлері және запастағы офицерлерлер қызмет атқарады. Ашық сабақта дәстүр бойынша, Әскери кафедра бастығы, полковник Ж.Кенжебаев профессор-оқытушы құрамы, оқу шеберлері және студенттерді алғыс хаттар мен грамоталарымен марапаттады. Студенттер қойылымдар мен па-

триоттық әндер ұйымдастырып мейрамдық көңіл-күй қалыптастырып өткізді.

–Қазақстанда Қарулы Күштерді дамытуға, олардың жауынгерлік қабілетін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Әскери қызметтің беделі елімізде жоғары, сондықтан көптеген жас азаматтар үшін армияда қызмет ету — мемлекеттік құрылымдарда мансаптық жолдың алғашқы қадамы болып табылады, – деп әскери кафедра бастығының орынбасары запастағы подполковник А.Урустамбеков қорытынды жасап аяқтады.

«7 мамыр — Отан қорғаушылар күні» еліміздің тәуелсіздігін, халқымыздың тыныштығын қорғап жүрген барлық әскери қызметшілерге арналған ерекше күн. Бұл мереке біздің Отанға құрметімізді арттырып, армияның маңызын тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында қызмет еткен ардагерлерді еске алу күні болып табылады. Отан қорғаушылар күні — ерліктің, батырлықтың және Отанға шексіз сүйіспеншіліктің мерекесі.

Барша Отан қорғаушыларын осы мерекемен құттықтай отырып, еліміздің болашағы үшін өз қызметін арнаған барлық азаматтарға алғысымызды білдіреміз!

Қайрат ҚҰРМАНӘЛІ,
«М.Әуезов атындағы ОҚУ»
Әскери кафедрасының оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі,
запастағы капитан

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран

1941 жылы маусым айының 22-і жаз мезгілінің даласы жасыл кілемге оранып, әдемі гүлдер жайқалып жатқан күндерінің бірі еді. Таңғы сағат 04-00-дер шамасында фашистік Германия тұтқиылдан бастаған соғысы Кеңес халықтары сияқты, қазақстандықтардың да тыныштығын бұзды. Соғыстың бірінші күнінен бастап Қазақстанда әскери бөлімдер құрыла бастады. Алғашқылардан болып генерал-майор И.В. Панфилов қолбасшылығындағы 316 атқыштар дивизиясы құрылды.



Кеңестік республикаларында барлық сала әскери жолға қайта құрылды. Ол кездің ұраны: «Барлығы жеңіс үшін, барлығы майдан үшін» болды. Соғыс жылдары Қазақстан тек жауынгер жіберіп қана қоймай, тылда да жан аямай еңбек етті. Азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ өндіріп, майданды қажетті құралдармен қамтамасыз етуге ат салысты. Қазақстан майданның қуатты арсеналына айналды. Сұрапыл соғыста жеңіске жету жолында миллиондаған адамның өмірі қиылды, сондықтан адамзат өткен соғыстың құрбандарын жақсы біледі. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,5 миллион ұл мен қыз аттаныпты. 600 мыңнан астам қазақстандық бұл соғыстан оралмады. 500-ден астамы «Батыр» атанып, елге аңызға айнала оралды. Осындай батырларымыздың біріг жерлесіміз – Кеңес Одағының Батыры («Ленин» ордені, «Алтын Жұлдыз» медалі, «Ұлы Отан Соғысы» II дәрежелі орденінің иегері) Жолдасов Лесбек Бәйімбетұлы. Ол туралы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Әскери кафедрасының оқытушысы, запастағы подполковник Абжаппаров Жақсыбай Медетұлымен болған әңгіме барысында батыр атасының ерліктерін айтпай кету мүмкін емес.

Лесбек Бәйімбетұлы Жолдасов 1920 жылы 11 ақпанда Сырдария облысы Шымкент уезінде (Қызыл әскер ауылында шаруа отбасында дүниеге келген.

Жолдасов Лесбек 1930 жылы Қызыл әскер орта мектебінің 1 сыныбына оқуға барады. 7 жылдық мектепті 1938 жылы бітіреді. 1940 жылдың 7 желтоқсанында Қызыл Армия қатарына шақырылады. Әскери қызметін Подольск қаласында 240 атқыштар дивизиясының құрамында бастайды. 1941 жылдың маусым айынан бастап ұрысқа енеді. 1941-1942 жылдар аралығында оңтүстік батыс фронтында, 1942 жылдың 27 қаңтарынан 20 маусымына дейін Бронский фронтында, 1942-1943 жылдар аралығында I Украина фронтында соғысқа қатысады.

1942 жылы соғыста контузия алып госпитальде жатады. 1943 жылы Липецк қаласындағы ұрыстарда жарақаттануына байланысты №398 госпитальде емделуде болады. Емделіп шыққан соң 340 дивизияның қатарына енді. 1943 жылдың 14 мамырында Лесбек Жолдасовқа аға сержант атағы беріліп және сол I Украина фронты-

ның №38 Армиясының қатарында Орёл қалаларына шабуылға кіріседі. 1944 жылы Лесбек Жолдасов кіші лейтенанттар курсы бітіреді. Курсты бітірген соң лейтенант II Украин майданындағы 46-армияның 316-атқыштар дивизиясының 1077-атқыштар полкінің взводуын басқарды.

1944 жылдың 1 тамызында Дрогобыч облысының Конюв елді мекені үшін болған шайқаста лейтенант Жолдасов өз ротасының құрамында жаудың үш қарсы шабуылын тойтарып, оған үлкен шығын келтірді. Бұл шайқаста ол қарсыластың екі жаяу әскер взводуын жойып, жеке өзі төрт фашистті өлтірді. Осы шайқаста лейтенант Жолдасов ауыр жарақат алды. Жолдасовтың бөлімшесі аса ауыр қиын тапсырмаларды орындауға, шешуші шайқастарға жіберіліп отырды. 1077-атқыштар полкінің взвод командирі қызметінде (2-Украина майданы) Венгрияның Будапешттен оңтүстікке қарай орналасқан Тёкель елді мекені маңындағы ұрыстарда ерекше көзге түсті.

Л.Жолдасовтың бөлімшесі Дунай өзенінен өтіп, жаудың плацдармын басып алуға «негізгі күш өткенге дейін плацдармды ұстап тұруға» тапсырма алады. Екі күн өзеннің қай тұсынан өтуге болатынын, жаудың қай тұсынан шабуылға көшу керектігін барлайды. Өзен суының ағысы қатты. Ағыспен қиялап өтудің жоспарын құрады. 1944 жылы 4-нен 5-не қараған түні Лесбек Жолдасов өз бөлімшесінде алғашқылардың бірі болып өтіп, плацдармды алуға белсене қатысады. Жаудың жойқын шабуылына тойтарыс бере отырып, батыр ағамыз гитлершіл 60 солдат пен офицердің көзін жояды. Бір тәулік бойы взвод сарбаздары жаудың 15 рет қуатты қарсы шабуылына тойтарыс береді. Осы ұрыста Жолдасов екі рет жараланады. Жараланғанына қарамастан майданнан кетпей взводқа басшылық етуді жалғастырады. Негізгі күш келіп жеткенше плацдармды ұстап тұрып Кеңес әскерінің өтуіне ықпал жасайды.

Көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығымен лейтенант Лесбек Бәйімбетұлы Жолдасовқа «Кеңес Одағының Батыры» атағы беріліп, «Ленин» ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі (№7623) табысталды. Бұл хабарды Лесбек Жолдасов госпитальде жатып есітеді.

Соғыс аяқталған соң Лесбек Жолдасов запасқа жіберілді, туған жеріне оралды. Елге келген соң, 1947-1948 жылдары Келес аудандық партия комитетінің меңгерушісі болған. 1948-1952 жылдар Алматы педагогикалық институтында тарих факультетінде оқыған. 1965 жылы Шымкент облысы Шардара ауданындағы «Ақтөбе» селолық советіне қарасты Қызыл әскер сайлау округынан депутат боп сайланады. 1952-1973 жылдар аралығында мектеп директоры болып қызмет атқарады. 1973 жылдан зейнетке шыққанға дейін «Қызыл әскер» орта мектебінде тарих пәнінен дәріс беріп, мектеп-интернаттың меңгерушісі қызметін атқарған. 30 жылға жуық ұрпақ тәрбиесіне өзінің зор үлесін қосады. 1978 жылы мұғалімдердің Республикалық 9-шы съездінің делегаты болды. 1980 жылы 12 тамызда өмірден озды.

1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына орай мектеп ауласына Кеңес Одағының Батыры Лесбек Жолдасовтың ескерткіші орнатылды. «Әке көрген оқ жонар» демекші батыр ағамыздың ел қорғаудағы дәстүрін жалғастырушы ұрпақтарының бірі, немере баласы Абжаппаров Жақсыбай Медетович айбынды әскеріміздің танк әскерлері қатарында 25 жыл қызмет етіп зейнетке шықса да өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде. Атап айтқанда, М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасының оқытушысы. Ал шөбересі Медет Шынболат Жақсыбайұлы да Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Алматы қаласындағы «Халық Қаһарманы, ҚР тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Нұрмағанбетов атындағы Құрлық әскерлерінің институтының» мотоатқыштар командирі мамандығы бойынша 4 курсының курсанты.

Биыл Ұлы Жеңіс күнінің 80 жылдығын атап өттік. Бұл мереке әр отбасына ыстық, өйткені соғыс бірде-бір отбасыны айналып өтпеді. Әр отбасында соғысқа қатысып, жеңіспен оралған немесе ерлікпен қаза тапқан және оралмаған ата-әжелері бар.

Мұрат ЖАНТАСОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
Әскери кафедрасының оқытушысы,
запастағы подполковник

«Күміс университет»

білім алуда жасқа шектеу қойылмайды

«Күміс университет» халықаралық қозғалысының міндеті - егде адамдардың қазіргі заманғы өмірге ойдағыдай бейімделуіне, өз бетінше білім алуына және өзін-өзі жетілдіруіне қолайлы жағдай жасау.



Осы халықаралық қозғалысқа үн қоса отырып, университетіміз өзінің үшінші миссиясы аясында 2021 жылдан бастап аға буын өкілдерінің шығармашылық және кәсіби дамуына жағдай жасауға және олардың белсенді еңбек қызметіне араласуын қамтамасыз етуге бағытталған «Салиқалы университет» жобасын жүзеге асыруды бастады.

2021-2024 жылдар аралығында «Салиқалы университет» жобасы аясында 64 зейнеткер «Цифрлық куратор», «Бағбан» курстары бойынша өз білімдерін жетілдірді. Оның ішінде: 2021 жылы - 14, 2022 жылы - 16; 2023жылы-16; 2024 жылы - 18 тыңдаушы оқып, қосымша білім алды.

Осы жылдар аралығында курс тыңдаушылары «Цифрлық куратор» курсы аясында қолданбалы компьютерлік бағдарламалармен, желілермен және интернетпен, электрондық үкімет ресурстарымен танысып, онлайн платформаларда жұмыс істеу дағдыларын үйренді. Университеттің профессор-оқытушылар құрамының дәрістерінен теориялық білім игеріп, мамандандырылған

аудиториядағы интернет желісіне қосылған компьютерлерде жоғары білікті мамандардың көмегімен керекті ақпаратты тәжірибе жүзінде алды.

«Бағбан» (сәндік көгалдандыру маманы) курсы аясында бөлмелік өсімдіктерге, жеміс және сәндік ағаштарға күтім жасау, бақшада күзгі-көктемгі жұмыстарды ұйымдастыру бойынша біліктілігін арттырды. Курстың мақсаты көгалдандыру және бақша өсіру қызметтері бойынша зейнеткерлердің тәжірибелік білімдеріні жетілдіріп, шебер бағбан болуына көмектесу. Бағбаншылық қызмет көрсету бойынша жұмыс істеп, қосымша қаржы көздерін табуына жол көрсету. Курс барысында тыңдаушылар ақпарат алмасып, өз шеберліктерін ортаға салды. Өңірдің топырақ құрамы, жергілікті өсімдіктердің түрлері бағбандыққа қатысты басқа ақпараттар туралы пікір алмасты.

Университетте «Салиқалы университет» жобасының аясында: «Бала күтуші», «Гүлді бөлме өсімдіктері», «Сауықтыру билері»; «Копирайтер», «Мәдени-көпшілік жұмыстарын ұйымда-

стырушы» (шағын топтарға арналған іс-шаралар) курстарының бағдарламасы жасалынған.

Алдағы уақытта Жоғары мектептер мен факультеттердің базасында курстар ұйымдастыру, тыңдаушылардың ұсыныстарына сай қызмет көрсету іс-шаралары жоспарланып отыр.

Курс барысында білім мен демалысты қатар меңгеріп, 80 жылдан аса тарихы бар университетіміздің әлеуетті базасымен танысып, университет мұражайына саяхат жасады. Осылайша зейнет жасындағы азаматтар курс барысында өзара пікір алмасып, жаңа адамдармен танысып, өмірлерін жаңа әсерлерге толтырды. Зейнет жасындағы жандардың өнегелі өмірі, заман ағымына сай білім алуға деген ұмтылысы жастарға үлгі болары даусыз.

Г.МЫРЗАТАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ «Қосымша білім беру орталығы» бас маманы

Неліктен ағылшын тілі қоғамда маңызды?

Біріккен Патшалықтың бөлігі болып табылатын Англия — ағылшын тілінің отаны. Тілдің қазіргі нұсқасы XVII-ші ғасырдан бастап Ұлыбританияның және XIX-шы, XX-шы ғасырлардан бастап Америка Құрама Штаттарының әлемдік ықпалы бойынша әлемге тарала бастады.

Осы елдердің барлық баспа және электронды ақпарат құралдары арқылы ағылшын тілі көптеген бағыттар мен ғылым, навигация және құқық сияқты кәсіби тұрғыда халықаралық дискурстың және лингва-франканың халықаралық тіліне айналды. Ұлыбритания Еуропадағы ең ірі ағылшын тілді мемлекет.

Сондай-ақ, ағылшын тілінің әлемде көптеген диалектері бар. Мысалы, Америкалық ағылшын, Британдық ағылшын, Канадалық ағылшын, Аустралиялық ағылшын, Жаңа Зеландиялық ағылшын және олардың тармақталған диалектерін қолданатын елдер, мысалы, Оңтүстік Африка, Үндістан, Филиппин, Нигерия, Ямайка, Гана, Уганда және тағы басқалары.

Ағылшын тілінің түп-төркіні 5-6 ғ-да құрлықтан Британ аралына қоныс аударған англ, сакс, ют тайпалары мен аралдағы байырғы кельт (бриттер) тайпаларының тілі болып саналады. Ағылшын тілінің даму тарихы ежелгі ағылшындық (VII-XI ғ.), орта (XII-XV ғ.) және жаңа (XV ғ-дан бері) дәуір болып үш кезеңге бөлінеді.

Ағылшын тіліндегі жазба ескерткіштер VII-VIII ғасырлардан белгілі. Ол уақытта ағылшындар руна жазуын пайдаланып, тасқа, ағашқа, сүйекке ойып жазған. VI-VII ғасырларда ағылшындар арасында христиан дінінің таралуына байланысты руна жазуы қолданыстан шығып, латын әліпбиі қолданыла бастады. Ағылшындар латын әліпбиін ілгері дамытып, оған W, J және V әріптерін қосты. 1066 жылы Англияны нормандар басып алды да, мемлекеттік тіл — француз тілі болып, ағылшын тілі қарапайым халықтың сөйлеу тілі есебінде сақталды. 1476 жылы Англияда ағылшын тілінде кітап басып шығару басталды. Бұл жағдай Лондон диалектісі негізінде ағылшынның жазба әдеби тілін қалыптастырды. Ағылшын жазуы – герман тілдері тобына жататын ағылшын тілінің жазуы. А.ж. ежелгі герман (ют, сакс, ағыл.) тайпаларының руна жазуы түрінде пайда болған. V-VII ғасырларда латын және руна жазуының таңбалары араласып жүрген.

Қазіргі таңда әлемде көптеген мемлекеттер бар, ал тұрғындар сөйлейтін тілдер одан мың есе көп. Әр елдегі адамдар бір-бірімен қалай сөйлесе алады деген сұрақ туындайды. Міне, осындай жағдайда адамдар ұлтына қарамастан әлемдік тілдердің көмегімен бір-бірін түсініп, ақпарат алмаса алады. Осындай тілдердің ішінде ағылшын тілі бірінші орындарда тұр. Осыдан аз ғана уақыт бұрын ағылшын тілі кәдімгі шетел тілі болды, бірақ қазіргі уақытта әлемдік деңгейге көтеріліп, әлемдік қарым-қатынастың негізі болып саналады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Әлемдегі көптеген елдер ағылшын тілінде сөйлейді. Бұл тіл қазіргі заманда жаһандық тіл болғандықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор. Бір шаңырақты көтеру үшін үш діңгек керек емес. Бір діңгекпен көтерген шаңырақтың жан-жағынан уықтар қадалып, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Біздің алтын діңгегіміз, тұғырымыз – қазақ тілі, ал жан-жағынан өзге тілдер мемлекеттік тілді қолдап уық секілді қадалады. Бірақ кейбіріміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз. Мұның себебі осы бір сөздің мағынасын түсінбеуден келіп шығады. Бірқатары осы бағытты ұстануға оң көзбен қарап, құптаса, енді бірі өз қарсылықтарын білдіруде.

2000-шы жылдардағы мәліметтер бойынша әлем халқының екі миллиардтан астамы ағылшын тілін қандай да бір деңгейде меңгерген және осы тілде сөйлей алады. Бұл көрсеткіш ағылшын тілін әлемдегі ең ірі, кең таралған және маңызды тіл етеді. Ағылшын тілі сондай-ақ, әлемдегі сөйлеушілер саны бойынша бірінші, ал ағылшын тілі ана тілі болып табылатын адамдар саны бойынша үшінші орында. Ағылшын тілі ана тілі болып табылатын адамдардың ең көп мөлшерін 67 және 330 миллион халқы бар Ұлыбритания мен АҚШ иеленеді. Сонымен қатар, ағылшын тілі Канадада 29 млн., Аустралияда 25.7 млн., Жаңа Зеландияда 5 млн. және Ирландияда 5 млн. адамға ана тілі болып табылады.



Әлемдік ғаламдандырудың өткізгіші, ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу – ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік.

«Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек» – деген. Демек, ағылшын тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Іргелес мемлекеттерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақстан қазіргі жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Әйткені, еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы – көптілділік.

Қазіргі уақытта ағылшын тілін үйренудің 7 негізгі себептеріне тоқталайық. Олар:

1. Ағылшын тілі - дүниежүзілік тіл

Бүгінгі таңда ағылшын тілі халықаралық тілге айналды, ол әлемдегі ең көп сөйлейтін тіл. 400 миллионнан астам адам үшін ол ана тілі, 300 миллион үшін ол екінші тіл болып қалады, ал 500 миллион адам ағылшын тілін біледі.

2. Ағылшын тілі - сауда және бизнес тілі

Көптеген елдерде ағылшын тілі дипломатия, сауда және бизнес тілі ретінде өте маңызды орынға ие. Әлемдік транзакциялардың 90% ағылшын тілінде. Әлемдік қаржы қорлары мен биржалары ағылшын тілінде жұмыс істейді. Қаржылық алыптар мен ірі корпорациялар қай елде болмасын, ағылшын тілін қолданады.

3. Ағылшын тілі - білім тілі

Ағылшын тілі - мектептердегі ең танымал шет тілі. Әлемдегі ең беделді университеттерде көбінесе ағылшын тілін қолданады. Ағылшын тілі екінші ресми тіл болып табылатын елдерде студенттер ағылшын тілінде оқуды жөн көреді. Ағылшын тілін білу жақсы білім алуға және табысты мансап құруға мүмкіндік береді.

4. Ағылшын тілі - саяхаттау тілі

Екі ғасыр бойына британдықтардың ауқымды саяхаттары өз жемісін берді. XXI ғасырда ағылшын тілі саяхат тілі болып табылады. Қай елде болсаңыз да, ағылшынша сізді барлық жерде түсінуге болады. Қонақ үйде, мейрамханада, аялдамада сіз жергілікті ағылшын тілінде тұрғындармен сөйлесе аласыз.

5. Ағылшын тілі - ғылым мен техниканың тілі

Ағылшын тілі XXI ғасырдың тілі - технологиялық прогресс және ақпараттық технологиялар ғасырына айналды. Бүгінгі таңда жаңа гаджеттерге арналған барлық нұсқаулар мен бағдарламалар ағылшын тілінде жазылған. Ғылыми баяндамалар, мақалалар, баяндамалар ағылшын тілінде шығарылады. Интернет ресурстарының 90% ағылшын тілінде. Барлық саладағы - ғылым, спорт, жаңалықтар, ойын-сауықтардағы ақпараттың басым көпшілігі ағылшын тілінде шығарылады.

6. Ағылшын тілі - жастар тілі

Ағылшын тілі жастар мәдениетінің тіліне айналды. Американдық актерлер, актрисалар, музыканттар бірнеше ұрпақтың кумірі болды және болып қала береді. Голливуд - бүгінде кино саласындағы сөзсіз көшбасшы. Американдық экшн-фильмдер мен блокбастерлер бүкіл әлемде ағылшын тілінде көрсетіледі. Америкадан джаз, блюз, рок-н-ролл және тағы да басқа танымал музыкалық стильдер келді.

7. Ағылшын тілі - әмбебап тіл

Жоғарыда айтылғандардың бәріне қосымша, ағылшын тілі әдемі, әуезді және үйренуге оңай. Ағылшын тілінде әлемдегі ең бай лексика бар, бірақ ол қарапайым грамматикаға ие. Мысалы, орыс тілімен салыстырғанда көп жалғаулары жоқ. Сөздердің өздері бір-біріне тартымды, қысқа және нақты сөйлемдер құрайды. Халықаралық тіл қарапайым және бәріне түсінікті болуы керек. Бәлкім, әлемді біріктіретін қарапайым тіл екеніне біз өте сәттілікпен қараған болармыз.

Студенттерге ағылшын тілін білу оны болашақта нақты өмірде қолдану және болашақ кәсіпте практикалық қолдану мүмкіндігімен байланысты екенін түсіну керек. Сондықтан жақсы ағылшын тілі мектебі және жоғары сапалы тілдік дағдылар - бұл еркіндік және сіздің өміріңізді және бизнесіңізді өзіңіз қалағандай құрудың бай мүмкіндіктер туындайды.

Майра ЖҰМАДИЛ,

М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің
ағылшын тілі пәні оқытушысы



НАШ ВЫПУСКНИК – НАША ГОРДОСТЬ

Искандиров Мукаш Зулкарнаевич

Выпускник Казахского химико-технологического института 1982 года.

Родился 7 ноября 1960 года в с. Черноводск, Сайрамского района, Чимкентской области. Окончил в 1982 году Казахский химико-технологический институт по специальности «Технология неорганических

веществ и минеральных удобрений».

По окончании института в 1982 году молодым специалистом был направлен в город Джамбул (Тараз) на Новоджамбульский фосфорный завод, где начал трудовую деятельность мастером в цехе по производству желтого фосфора. В 1986 году назначается начальником цеха №5 по производству желтого фосфора.

С должности начальника цеха №5 по производству желтого фосфора в 1988 году был избран освобожденным секретарем партийного комитета завода, работал по 1990 год. В 1990 году был назначен начальником цеха №4 по производству желтого фосфора, 1992-1996гг. - заместителем генерального директора по внешне экономической деятельности и сбыту.

1996-1998 гг. - генеральный директор ТОО «Арго».

1998-1999 годы – директор Производственного кооператива «НДФЗ».

С 1999 года, с создания ТОО «Казфосфат», - директор филиала ТОО «Казфосфат» (НДФЗ).

В 2000 году назначен директором Департамента маркетинга и сбыта компании (г. Алматы), с 2002 года – заместителем Председателя Правления ТОО «Казфосфат» по маркетингу и сбыту, с февраля 2005 года - Генеральным директором ТОО «Казфосфат». Прошел все ступени производства — от мастера смены цеха желтого фосфора до Генерального директора ТОО «Казфосфат».

Отмечен правительственными наградами:

2005 год - юбилейной медалью к 10-летию Конституции Республики Казахстан; 2008 год – орденом «Құрмет»; 2011год – отмечен юбилейной медалью к 20-летию Независимо-



сти Республики Казахстан; 2013 год – орденом «Парасат»; 2013 год - за более чем 30-летний труд в фосфорном производстве награжден почетным нагрудным знаком «Химия өнеркәсібінің үздік қызметкері»; 2013 год – 1-е место в номинации «Лучший

рационализатор года»; 2014 год – медаль «Нұр Отан» «Ерен қызметі үшін»; Юбилейная медаль – 20 лет Маслихатам РК; 2014 год – медаль «Почетный инженер Республики Казахстан»; 2014 год – Орден «За заслуги перед химической индустрией России» I степени. Президент Российского союза химиков В.П. Иванов;

2015 год – Юбилейная медаль в честь празднования 20-летия Ассамблеи народа Казахстана «Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы»;

2015 год – Юбилейная медаль «Қазақстан Конституциясына 20 жыл»;

2015 год – юбилейная медаль к 550-летию Казахского Ханства «Қазақ хандығына 550 жыл»; 2015 год – «Атамекен» национальная палата

предпринимателей РК медаль III степени «За верность делу»;

2015 год – присвоена высшая степень отличия – звание «Қазақстанның Еңбек Ері» с вручением знака особого 2016 год – юбилейная медаль «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл»; 2017 год – медалью «Еңбек ардагері», нагрудным знаком «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін»;

2018 год – юбилейная медаль «Астана 20 жыл», Нагрудный знак Бауыржана Моңышұлы «Батыр шапағаты».




Общественная деятельность:

Член Ассамблеи народа Казахстана РК; Член совета национальных инвесторов при Президенте РК; Член Президиума Палаты Предпринимателей РК; Член Политсовета партии «Нұр Отан» РК; Член Бюро Политсовета партии «Нұр Отан» Жамбылской области; Депутат Жамбылского областного маслихата пятого, шестого созывов, председатель Постоянной комиссии областного маслихата по вопросам развития отраслей промышленности, строительства, энергетики, транспорта, связи и предпринимательства;

Председатель регионального совета Палаты Предпринимателей Жамбылской области; Председатель Консультативно-совещательного органа (КСО) при ДВД Жамбылской области; «Меценат образования — 2012»; Лучший рационализатор года; Почетный гражданин города Тараз; Почетный гражданин Жамбылского района Жамбылской области; Почетный профессор Таразского государственного университета им.М.Х.Дулати; Почетный профессор Таразского государственного педагогического института;

Почетный профессор Южно-Казахстанского государственного университета им.М.Ауэзова; Почетный гражданин Жамбылской области.



Мал шаруашылығын қолдау – атакәсіпті жандандырды

Ауыл шаруашылығы – Қазақстанның экономикасындағы негізгі сала. Соның ішіндегі қазіргі таңдағы ең маңыздысы мал шаруашылығы болып табылады. Мал шаруашылығының дамытуда қазіргі таңда Үкімет түрлі субсидиялар бөліп жатқаны бәрімізге мәлім.



Қазіргі уақытта барлық сиырдың 87,3%-ы жеке меншікте, 6,2%-ы шаруа қожалықтарында, 6,5%-ы мемлекеттік ауыл шаруашылығы мекемелерінде жинақталған. Бұл көрсеткіштер қой мен ешкі түліктері бойынша 80,2; 12,3 және 7,5%-ға, жылқы түлігі бойынша 83,8; 10,6 және 5,6%-ға, түйе түлігі бойынша 75,7; 11,3 және 13,0%-ға сәйкес келеді. 2000 жылдан бастап жеке және шаруа қожалықтарында орынсыз мал шығынына жол берілмеуі нәтижесінде соңғы 3-4 жылда түлік түрлері бойынша мал санының орташа өсімі 3-10%-ға, ет, сүт өнімдерін өндіру 3-6,5%-ға тұрақты артып келеді.

Бүгінгі таңда әр елдің ұлттық өндірістері негізінде дүниежүзілік біртұтас тауарлы ауыл шаруашылығы қалыптасып келеді. Өндірілген жалпы өнім мөлшері жөнінен Қытай, АҚШ, Жапония, Аустралия сияқты елдер жетекші орын алады. Жан басына шаққанда ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етілу дәрежесі жөнінен Батыс Еуропаның дамыған елдері мен Канада, АҚШ, Жапония және Аустралия ерекше көзге түседі. Дамушы елдерде бұл көрсеткіш өте төмен, тіпті жалпы өнімді аса көп өндіретін Қытай мен Үндістанда ол Канада және АҚШ-пен салыстырғанда 5-6 есе төмен. Сол себепті ауыл шаруашылығының алдында әлі де оңтайлы шешімін таппаған мәселелер баршылық.

Жаңа тұқым шығару мақсатында Қазақстандағы таңдаулы қой тұқымдары мен шетелдік тұқымдар; австралия мериносы, австралия корриделі, линкольн қойы, ромни-марш қойлары, т. б. пайдаланылды. Қазақстанда қой шаруашылығының дамуында негізгі үш бағыт айқындалады. Олар елдің табиғи климаты, жемшөп, жайылым жағдайы, қойдың биологиялық ерекшеліктері, т. б. байланысты төмендегіше 3 аймаққа бөлінді: 1) далалық, қуаң-шөлейт, аймақтар мен оңтүстік таулы өңір. Мұнда биязы және биязылау жүнді қой тұқымдары (барлық қойдың 65 %-ы) өсірілді. 2) шөл және шөлейт аймақ. Бұл жерлерде негізінен етті – майлы, ұяң не қылшық жүнді қойлар (барлық қойдың 16 %-ы) шоғырланды. 3) Қаракөл қойлары өсірілетін оңтүстік және батыс аймақтар. 1990 жылдың басында 1250, оның ішінде 702 арнайы мамандандырылған ірі қой шаруашылықтары болды.

Алайда экономиканың өзге салалары секілді қой шаруашылығы да кеңестік науқаншылдыққа ұрынып, қой санын 50 млн-ға жеткізу туралы елдің нақтылы мүмкіндіктеріне сай келмейтін қисынсыз жоспарлар жасалынды. Жоспарды орындау мақсатында қойды қолдан жасанды ұрықтандыру тәсілі кең етек жайып, асыл тұқымды қойлардың азып-тозуы мен миллиондаған елтірінің шын мәнінде жарамсыз қалуына, кеңестік жалған ақпардың белең алуына алып келді. Мал өнімдерін өңдеу, жаңа технологияларды игеру, т.б. мәселелер кенже қалды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдардағы экономикалық дағдарыстар мен формалар нәтижесінде қой шаруашылығы елеулі түрде құлдырады.

Айта кететін болсақ, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министирлігі мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау берілді. Олар:

- ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын (сүтті, сүтті-етті, етті және етті-сүтті тұқымдар), отандық етті және етті-сүтті асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды, шығу тегі асыл тұқымдыға сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын, асыл тұқымды қойларды, өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырды, асыл тұқымды тұқымдық түйені, шошқалардың асыл тұқымдық басын, ешкілердің асыл тұқымды аналық басын, етті бағыттағы ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанды және асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды сатып алып үшін субсидиялар алуға;
- табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу үшін субсидиялар алуға;
- тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды күтіп-бағу үшін субсидиялар алуға;
- шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын, сондай-ақ шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін субсидиялар алуға;
- ірі қара малдың тауарлық аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;
- ірі қара малдың асыл тұқымды аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;
- қойлардың асыл тұқымды аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;
- қойлардың тауарлық аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;
- маралдардың (бұғылардың) аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;
- сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымдық бұқалардың бір жынысты және қос жынысты ұрығын сатып алу үшін субсидиялар алуға;
- ірі қара мал мен қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату үшін субсидиялар алуға;
- құс етін (құс етін, күркетауық етін, суда жүзетін құс етін), тағамдық жұмыртқаны (тауық жұмыртқасын), сүтті (сиыр сүті, бие сүті, түйе сүті) өндіру, сондай-ақ ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандатуға субсидиялар алуға;
- сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас ірі қара мал /5000 бас қой бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал/ тәулігіне кемінде 300 бас қой соятын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың/қошқарлардың құнын арзандатуға субсидиялар алуға;
- ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алуға;
- ірі қара малдың/қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе шығу тегі асыл тұқымдыға сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу үшін тиесілі субсидияларға өтінімнің берілуі.

Осы қолдаулардан кейін Қазақстанда мал шаруашылығы қарқынды дамуда. Қазіргі уақытта мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында жоспарланған және іске асырылып жатқан инвестициялық жобалардың көлемі 717 млрд теңгеден асады. «ҚазАгрохолдинг» ауылдық елді мекендердегі кәсіпкерлердің жаңа бастамаларын қолдап, атакәсіп мал шаруашылығын дамыту мақсатында қаржыландырудың бірнеше бағытын ұсынып отыр. Қазіргі әр саланың дамуына жағдай жасау үшін мемлекеттік бағдарламалар жұмыс істеуде. Соның бірі «Сыбаға» бағдарламасы осының арқасында шаруашылық бастауға мүмкіндіктер ашылуда. «Сыбағадан» сыбаға аламын деп талпынған жұрт отандық мал шаруашылығының дамуына, ет өнімдері санының артуына үлес қосып қана қоймай, болашақта импорттық көрсеткішті азайтып, экспортқа шығаруға қор дайындауға айтарлықтай еңбек сіңіретіні анық.

Шаттық ЖЕНИСОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің
«Ветеринария» мамандығының пән
оқытушысы

Кәсіби бағдар – болашаққа салынған көпір

2025 жылдың 30 сәуірінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Тарих және педагогика» факультеті Шымкент қаласы және Түркістан облысының Түлкібас ауданының бітіруші мектеп түлектері үшін «Ашық есік күнін» ұйымдастырды. №9 оқу ғимаратындағы акт залында өткен бұл ауқымды іс-шара сағат үміт пен сенімге толы сәттермен өрілді.



Қазіргі таңда кәсіби бағдар беру тек ақпаратпен бөлісу ғана емес, ол – әрбір жасөспірімнің дара қабілетін танып, оны қоғамға пайдалы бағытқа бұрудың мағыналы тетігі. Осы тұрғыда факультет деканы Уразбаев Құрманғали Мархабатұлы мазмұнды баяндама жасап, факультеттегі білім беру артықшылықтары мен болашақ мүмкіндіктер туралы кеңінен әңгімеледі. Іс-шараны кәсіби бағдар беру орталығының өкілі Қайықбаев Мейірбек Жұмабайұлы жалғастырып, алдағы 2025–2026 оқу жылына арналған ҰБТ жүйесіндегі өзгерістерге тоқталып, тың мәліметтер ұсынды. Іс-шара барысында факультет түлектері мен беделді қонақтар — «Askar» зияткерлік мектебінің директоры Тотикова Гүлдана Арыстановна, «INNOVATION PSYCHOLOGY» қоғамдық қорының төрайымы Вероцкая Гүлжан Ералықызы, және «Болмыс» орталығының жетекшісі Атае-

ва Жанат Қалназарқызы — оқушыларға кәсіби таңдаудың маңызын жүреппен жеткізді. Сонымен қатар факультет кафедра меңгерушілері мен оқытушылары — Ермекбаев Мұхтар Әбенұлы, Отарбаева Гүлжан Көбейқызы, Үсенова Ақкенже Мұқанқызы және доцент Джекисбаева Қалияш Оспанқызы — білім беру бағдарламалары, материалдық база және академиялық мүмкіндіктер жайында жан-жақты мәлімет берді. Іс-шара концерттік бағдарламамен жалғасып, студенттердің өнері мен викториналық ойын-

дар арқылы түлектерге қуанышты көңіл-күй сыйлады. ҰБТ-ға сәттілік тілектері айтылып, барлық сұрақтарға нақты жауаптар берілді. Бұл – тек ақпараттық кездесу емес, болашаққа жол ашқан маңызды қадам болды. Осындай бастамалар жас ұрпақтың өз орнын табуына, саналы таңдау жасауына негіз болады.

А.С НУРЖИГИТОВ,
«Жалпы педагогика және психология»
кафедрасының аға оқытушысы